4. 9,11 сыныптар оқушыларының еңбекпен қамту есебі қанағатты деп табылсын.
5. Жазғы сауықтыру маусымының қорытындысы тамаша сай деп көрсетілсін.
6. „Мектепке жол" республикалық акциясын және жаппай оқыту айлығын ұйымдастыру қанағатты деп табылсын.
7. Үйде оқытылатын әрбір балаға ұнемі көмек көрсетілуі назар аударылсын.
8. Мектептегі әлеуметтік-психологиялық қызметтің жұмысы жалғастырылсын.
9. ОЖСБ және халықаралық зерттеулерге қатысуға жұмыстар жүргізілсін.

Мектеп директоры: Ф.И.О. Г.Б Шонгалова
Хатшы: Ф.И.О. Б.А Серикбаева

Директор жанындағы кеңес.
Хаттама № 3

Қатысты: 40
Қатыспағандар: 0
Себепті: 0
Себепсіз: 0
Мерзімі: 28.10.2025 ж

Күн тәртібінде

1. ТБ және оқушылардың денсаулығы бойынша жұмысты ұйымдастыру. Жарақаттанудың алдын алу. Қажетті еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасының болуы.
2. Қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу, ҚР мемлекеттік рәміздерін зерттеуге ықпал ету.
3. Пәндер бойынша жобалық әрекеттерді ұйымдастыру. Мектеп оқушыларының „Зерде" ғылыми жобаларының тиімділігі.
4. 9,11 сыныптарда қазақ тілі сабағында тілдік құзіреттілікті қалыптастыру.
5. Мектептегі өзін-өзі басқарудың ұйымдастырылуы туралы
6. „Bilimklass" электрондық жүйесіндегі мұғалімдердің жұмысы туралы.
7. Мұғалімдердің озық іс-тәжірибелеріне сай мамандандырылған оқытуды ұйымдастыру бойынша жұмыстың тиімділігі.

Тыңдалды.

Бірінші мәселе бойынша Абдрахманов Б.А айтып өтті. Жарақаттанудың барлық түрлерінің ішінде адамдардың денсаулығы мен өміріне аса қауіпті жалпы комік жарақаттары болып табылады.

Қыркүйек айының алғашқы аптасында оқитын бірінші сынып оқушыларымен жол қауіпсіздігін сақтау мақсатында мектебіміздің ЖҚЖИ тобы, Абайла, балақай" акциясын өткізді. Топ мүшелері оқушыларға жол ережесін және автобусқа жүру ережелерін түсіндіріп жол белгілерімен таныстырды. Жарақаттың алдын-алу мақсатында бірнеше ереже түсіндірді.

Екінші мәселе бойынша ДТІЖО Ажибек С айтып өтіп. 2025-2026 оқу жылында қазан айында ҚР-ның Конституциясын оқытуды ұйымдастыруды және мемлекеттік рәміздерді қолдануын бақылау мерекесі „25 қазан-Республика күні" мерекесіне арналған мәжіліс өтті. Мәжілісте жұрған орындалып, үш тілде патриоттық тақырыптар айтылды. Сонымен қатар „Көк түдің жиырмасы" атты сынып сағаттары мен концерт іс-шаралар өтті. Осындай маңызы бар тарихи дүниада еліміздің туы асқақтап, келешегі көркейе берсін.

Үшінші мәселе бойынша жобалық жекелерді ұйымдастыру. Мектеп оқушыларының „Зерде" ғылыми жобалардың тиімділігі туралы ДОІЖО Кошкенбаева Т.А сөз алды. Жобалық оқыту - оқушының дайын ақпаратты алушы емес, зерттеуші, ізденуші тұлға ретінде қалыптасыратынын рас, және бірден-бір тәсілі. Жобалық жұмысты ұйымдастыру кезеңдері: Мәселені қою, жоспарлау, зерттеу, өңдеу, қорғау. 2-4 сыныптар арасында, 5-7 сыныптармен ғылыми жобалар қарастыру үстінде. 2025-2025 оқу жылында ғылыми жобалар жоспары құрылып, бекітілді. Бұл - болашақ ғалымның, инженердің дәрігердің, ұстаздың алғашқы қадамы екенін атап өтті.

Төртінші мәселе бойынша 9,11 сынып тардағы оқушылармен қазақ тілі сабағында тілдік құзіреттілік қалыптастыру туралы сөзді ДОІЖО Отениязова Л.А айтып өтті. 9,11 сыныптардағы оқушылармен пән мұғалімдері, сынып жетекшілері түрлі тақырыптағы дөңгелек үстел өткізіп тұрады. Соның ішінде үлгерімі нашар оқушыларға аса назар аударылады. Пән мұғалімдері де өз пәндері бойынша қосымша сабақ өткізіп тұрады. Қыркүйек айында қазақ тілі сабағындағы тілдік құзыреттілікті қалыптастыру бойынша

талдаулар жасалды. Егер құзыреттілік ұғымы „білім" „білік" және „дағды" ББД анықты ұғымдарды қамтитын болса, сабақ барысында пән мұғалімдерінің оқушыларға оқыту нәтижесін ғана емес, сонымен бірге шығармашылық іс-әрекет тәжірибесі мен құндылық бағдарларының жүйесін байыта білуіне назар аударылады. 9 сыныптарға Т. Бахытевна және Т. Табибулаевна мен 11 сыныпқа Шонгалова Т. Б. сабақ береді. Қазақ тілі сабағында тыңдалым мен айтылым, оқылым мен жазылым дағдыларын қалдана отырып, оқушыларға сөздің мағынасын түсініп, оны дұрыс қолдануға назар аударады. Мұғалімде қосқа мерзімді сабақ жоспарлары және күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары бар екендігін атап өтті.

Бесінші мәселе бойынша 2025-2026 оқу жылында қыркүйек айында жасалған сыныптардың тіркеуіне сүйене отырып, әлеуметтік қорғалмаған отбасы анықталмады. Алайда атаулы мемлекеттік әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан шыққан балалар мен мемлекеттік

атаулы әлеуметтік көмек алмайтын жан басына есептеменің атап өтті. Осы мәселе бойынша мектептегі өзін-өзі басқарудың ұйымдастырудың басқару. Мектеп тәлімгері: Сабыржанова Мадина Бақытбекқызы сөз алды. 2025-2026 оқу жылында 11 сынып оқушысы Майлакова М. мектеп президентіне сайланды. Мектеп парламентінің белсенділері тағайындалды. Ұстаздар күніне орай „Дуплер" күні өтті. Өзін-өзі басқару ұйымы қарттар күніне орай „Қарияларға бас иеміз" ата-жемерге жылы лебіздерін құттықтауларын жеткізді.

Алтыншы мәселе бойынша „Bilimklass.kz" электрондық жүйесіндегі мұғалімдердің жұмысы туралы ДОІЖО Оченнязова А. А сөз алды. 2025-2026 оқу жылының қазан айында пән мұғалімдерінің электрондық журнал толтыру кезінде ережесін сақтауын басты мақсат екенін атап өтті. Білім класс.kz электрондық журналдарды дұрыс толтырылуы және формативті бағалаудың дұрыс қоюларын айтты. Себебі, білімкласс.kz журналда қателіктер жібермеу - басты міндет. Мұғалімдер журналды толтыру

барысында аса жауапкершілік таныта отырып, уақытылы толтырады. Кейбір сынаулы мұғалімдер өз сабақтарында бағаларын журналға түсіруді кешіктіріп жатады. Электрондық журналдың толтырылуы дұрыс бағытта және тоқсандық бағалардың дұрыс қоюларын назарда екенін түсіндірді.

Жетінші мәселе бойынша мұғалімдердің озық іс-тәжірибелеріне сай оқытуды ұйымдастыру бойынша сөзді ДТ ІЖО Ильинтаева А.К сөз алды. Қазан айында мұғалімдердің озық іс-тәжірибелерін зерттеу бойынша мектепішілік бақылау жүргізілді. Бақылау барысында мектептің тәжірибелі ұстаздары қосымдастық бойынша жұмыстары зерделенді. Жоғары санатты жаратылыстану-математикалық бағыты бойынша Нурашева Д.К, Абишева С.Б, Өмірзақ А.Б, Касымова С.Ш, гуманитарлық бағыт бойынша Аскарова К.Ж, Куттыбаева Б.Е, Кусанова Б.Т сынды аға ұстаздармен әдістемелік тәжірибелерімен танысу барысында анықталды.

Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе директорымды келесі мынадай шешім қабылдады:

1. Жол қозғалыс жарақаттарының алдын алу, өрт қауіпсіздік ережелерін сынып сағатында оқушыларға таныстырылсын.

2. Жоспар бойынша жоспарланған іс-шаралар ұйымдастыру жұмыстар назарға алынсын.

3. Мектеп оқушылары „Зерде" ғылыми жобаға оқушылардың қатыстыру жұмыстары жалғастырылсын.

4. 9, 11 сыныптарда қазақ тілі сабағында тілдік құзыреттілікті қалыптастыру бағытындағы жұмыстары қанағаттанарлық.

5. Мектептегі өзін-өзі басқарудың ұйымдастыру жұмыстары қанағатты деп табылсын.

6. Bilimclass.kz тегі үй тапсырмаларын уақытылы толтыру журналды белгіленген уақытынан кешіктірмей толтырылсын.

7. Озық іс-тәжірибені мұғалімдердің оқытуды ұйымдастыру бойынша жұмыстың тиімділігі қарастырылсын.

Мектеп директоры: Шект Т.Б Шонгалова

Хатшы: Чит С.Б. Серикбаева.